C M Y K


# АЙМАҚ АҚШАМЫ

№6 (119) ЖҰМА 21 ақпан 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ


● АЗАСӨЗ




# «ЖЕТІ ҚАТ ЖЕРДЕ КӨМІЛІП ҚАЛҒАН, ЖЕТІ АРЫС, ЖЕТІ ҚЫРШЫНЫМ!»

Қаза тапқандардың арасында ең үлкені саналатын Қайрат Ақшалов пен Бақытбек Жұмадуллаев ердің жасы елуге енді ғана толған екен. Олжас Нұрілдаев пен Ғалымжан Молдабеков 46-47 жаста болса, Константин Рожков пен Орынбек Кенжебеков 33-34-те, Ардақ Жақубаев бар-жоғы 27 жаста көрінеді. Олардың соңында отбасылары, бала –шағалары, ата-аналары, туған-туыс, бауырлары қалды.

«Ажал айтып келмейді» десек те, еңбек қауіпсіздігінің талапқа сай болмағаны орны толмас ауыр қайғыға тап еткені ешқандай күмән тудырмаса керек. Әрине, арнаулы комиссия бүге-шүгесіне шейін тексеріп, анығын, нақтысын жариялайтыны сөзсіз.

Мұндайда сабырға шақырған сөз ғана – демеу, шынайы көңіл ғана – жебеу. Марқұмдардың отбастарына, жақын-жуықтарына Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев көңіл айту жеделхатын жолдады. Ел Үкіметінің басшысы О. Бектенов, ҚР Парламенті қос палатасының төрағалары М.Әшімбаев, Е.Қошанов қайғыға ортақтастық танытты, ауыр сынақ сәтінде баршаны сабырға шақырды. Алыста жүрсе де, тіпті, марқұмдармен таныс-біліс болмаса да көңілқос жолдап жатқандар қаншама? Мұның өзі халқымыздың ауызбіршілігін, қайғыны да, қуанышты да жатсынбай бөлісе білетін, жанына жақын тұтатын бауырмалдығын танытады. Көңіл білдіру жылату үшін емес, жұбату үшін айтылады. Қолдан келер қайран жоқ. Дегенмен, қабырғалы қалың елдің қиын шақта көрсетіп жатқан сөз көмегі , іс жүзіндегі қолдауы «қайғыны бөліссе азаяды» демекші, марқұмдардың жақын-жуықтарының жүректеріндегі шерді, көңілдеріндегі ауыртпалықты, иықтарына түскен салмақты жеңілдетуге сеп болсын.

Қазір апат себептерін анықтау мақсатында құрылған арнаулы комиссия жұмыс істеп жатыр. Комиссияны ҚР Премьер-министрінің орынбасары Қ.Бозымбаев басқарады.

Алла Тағала марқұмдарды алдарынан жарылқасын!

Рухтары пейіште шалқысын!

***Абдолла ДАСТАНОВ,***
***ҚР Ақпарат саласының үздігі.***

C M Y K

## СӘТБАЕВТЫҚТАР ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУҒА QR-КОДПЕН ЖАЗЫЛЫП, ONLINE РЕЖИМДЕ ӘКІММЕН ЖҮЗДЕСЕ АЛАДЫ

***Әкімнің қабылдауына үйден шықпай-ақ, QR-кодпен жазылып, online қатысуға болады. QR-код тақтайшалары қаланың білім беру, денсаулық сақтау, полиция, ТЖ бөлімдері мен кәсіпорындарына ілінеді.***

Қала әкімі Мұрат БӨРІБАЕВТЫҢ бастамасымен жеке қабылдаулар online режимінде өтпек. Тұрғындар қабылдауға келіп, өз кезектерін күтпес үшін online жүздесу тиімді болмақ.

Айта кету керек, Сәтбаев облыс бойынша әкімнің жеке қабылдауына осындай жазылу жүйесін іске қосқан жалғыз қала. Бұл өзгеріс азаматтардың әкімшілікпен өзара іс-қимылы процесін жеңілдетуге бағытталған. Сонымен қатар, мәселелерді тез әрі тиімді шешуге көмектеседі.

## САТПАЕВЦЫ МОГУТ ЗАПИСАТЬСЯ НА ЛИЧНЫЙ ПРИЕМ К АКИМУ ОНЛАЙН С ПОМОЩЬЮ QR-КОДА

***Теперь жители Сатпаева могут записаться на личный прием к акиму города, не выходя из дома. Для этого достаточно отсканировать QR-код, размещенный на предприятиях города, а также в отделах образования, здравоохранения, полиции и ЧС.***

По инициативе акима города Мурата Бурибаева личные приемы проходят в онлайн-режиме, что позволяет жителям избежать ожидания в очередях и оперативно решать важные вопросы.

На сегодня Сатпаев - единственный город в области, внедривший такую систему записи на личный прием. Нововведение направлено на упрощение взаимодействия граждан с акиматом города и способствует быстрому и эффективному решению возникающих проблем.

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ

***Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп өркендеп, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі.***

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тралы» заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе халық парақорлық дертімен жиі бетпебет келеді. Сондықтан, пара алу мен пара берудің жолын кесу мақсатында бүкіл қоғам болып белсенділік танытқанымыз жөн.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет ететін лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Барлық мемлекеттік мекемелерде көрсетілетін қызметтер туралы құжаттар үлгілері халыққа қол жетімді жерде ақпараттық стендтерде толық орналастырылуы тиіс. Әр азамат сапалы мемлекеттік қызмет алуға құқылы. Әр мекеме жұмыс тобын құра отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтап, оны жоюдың көздерін қарастырғаны жөн. Мемлекеттік қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстарға бой алдыруының себептері әр түрлі. Кейбір қызметкерлердің кәсіби әдептілігінің жетіспеуі немесе жеке басының қамын ойлауы, жалақының аз болуы және т.б. себептер. Осындай қылмыстарға жол бергізбеу үшін қызметкерлерді жаппай құқықтық оқытып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерімен таныстырып отыруымыз қажет.

Және де бұл дертпен күресу үшін бүкіл халық болып атсалысып, оның қоғамға таралуына жол бермеу қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосып, халықтың сеніміпен шығатынымыз анық. «Сәтбаев қалалық қазынашылық басқармасы» РММ 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес қызмет атқарып келеді. Мекеме қызметкерлері арасында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырады. Біз жемқорлыққа қарсымыз. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлық болмауы үшін қоғам болып бұл індетке қарсы тұрайық.

***Л.АЛИКУЛОВА,***
***Сәтбаев қалалық қазынашылық басқармасының басшысы.***

ӨНЕРЛЕРІН ҰЛЫҚТАСАҚ - ӨЗДЕРІН ДЕ ҰМЫТПАЙМЫЗ

# «ҰЛЫТАУДАН ҚАНАТ ҚАҚҚАН ТАЙЖАН АҚЫН»

***2025 жылдың 27-28 ақпан күндері аралығында Сәтбаев қаласындағы Ш.Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайында IV республикалық Тайжан әндерін орындаушылар байқауы өтеді***

***Қазақ мәдениетінің дамуына сүбелі үлес қосып, ұлттық өнерімізді насихаттау ісінде өзіндік орны бар тұлғалар тарихымызда аз болмаған.***

Соның бірі, қазақтың әнин дәріптеуші, Сарыарқаның саңлақ ақыны, Ұлытаудың ұланы - Тайжан Қалмағанбетов болатын.

Қазақтың ән өнерінің тарихы, ол тарихты қалыптастырған тұлғалар өз бастарынан небір қиындықтарды өткерді. Тарихымызға көз жүгіртсек, халқымыздың киелі өнерінің тамырына балта шабу, дарынымен ерекшеленген тұлғаларымызды қуғын-сүргінге ұшырату бағытында небір бассыздықтарға жол берілді. Тайжан ақын да осындай солақай саясаттың құрбаны. Әйтсе де, атадан балаға мирас болып келе жатқан мәдени мұрамыз ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп беріліп, бүгінде өшкеніміз жаңғырып, ұмытылған дүниелеріміз ортамызға қайта оралуда.

Мол мұраларымызбен бірге оралған құндылықтарымыздың ішіндегі Тайжан әндерінің орны ерекше. Ендігі міндет – дәстүрлі әндер қатарында Тайжан ақынның әндерін де өскелең ұрпақтың бойына сіңіру, халық арасында кеңінен дәріптеу. Кеншілер қаласында Тайжан әндерін орындаушылар арасында IV республикалық байқау ұйымдастырылады.

Бұл өнер байқауы қаламыздың ғана емес, тұтастай алғанда еліміздің рухани өміріндегі маңызы зор оқиға әрі ұлттық өнеріміздің дамуына қосқан үлкен олжа болмақ.

Құрметті Ұлытау облсының тұрғындары мен қала қонақтары! Сіздерді 2025 жылдың 27-28 ақпан күндері аралығында Ш.Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайында IV республикалық Тайжан әндерін орындаушылар байқауының құрметті қонағы болуға шақырамыз!



**Байқаудың бағдарламасы:**

Салтанатты ашылуы: 27-ақпан / сағат 11:00-де
Бірінші кезең: 27-ақпан / сағат 14:30-да
Екінші кезең: 28-ақпан / сағат 10:00-де
Салтанатты жабылуы-марапаттау рәсімі: 28-ақпан / сағат 13:00-де

**Өтетін орны:**
**Сәтбаев қаласы,**
**Шынболат Ділдебаев атындағы**
**Кеншілер сарайы.**
**Келіңіздер, көріңіздер!**

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

# КӘСІПКЕР РҰҚСАТ ЕТІЛМЕГЕН ЖЕРГЕ ҚОҚЫС ТАСТАҒАН

***Қаланың сыртын қоқыстан тазалайтын мекеме «Усабеков» ЖК мекемесінің мамандары рұқсат етілмеген жерге ірі габаритті қоқыс тастаған кәсіпкердің үстінен полиция бөліміне арыз берген.***

Мекеменің қызметкерлері қоқысты тазалау барысында кәсіпкердің аты-жөні жазылған чекті көрсетіп, бейнеге түсіріп, ішкі істер органдарына хабар берген. Көп ұзамай кінәлі азамат анықталып, оған ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 505 – бабы бойынша хаттама толтырылды. ТКШ бөлімінің басшысы Әшім Мұхамбетәлі тұрғындарды тазалық сақтауға, ірі габаритті қоқысты арнайы мекемеге хабарласа отырып, қала сыртына шығаруға шақырды.

**Тұрғындар назарына!**

Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ қалалар мен елді мекендер инфрақұрылымы объектілерін бұзу, жасыл екпелерін жою және бүлдіру – ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – 20 АЕК (79 240 тг), шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 30 АЕК (118 860 тг), орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 40 АЕК (158 480 тг), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (369 200 тг) айыппұл салуға әкеп соғады.

***Сәтбаев қаласының әкімдігі***

***Мен Көкшетауда туып өстім, бірақ барлық саналы қырық жылдық ғұмырым Сәтбаев қаласында өтті. Әскер қатарынан оралған ауылдың баласы арман қуалап кеншілер орталығына келді. Бұл 1978 жыл болатын.***

# МАЙДАНГЕР ЕДІ СОЛ ӘКЕМ



Немере ағам Табақбаев Қайыркен Рудник кенішінде бас инженер болып қызмет атқаратын. Ағайдың үйіне келдім, ол кісі мені шахтаға жұмысқа орналастырды. Бір жылдан соң үйлендім. Сәтбаев қаласынан пәтер алып, жеке үйлі -баранды болдым. Елден қашық, жат жерде маған екінші әке болған соғыс ардагері Қожахметов Оразбек әкей болды. Әке-шешем алыста болғандықтан шығар, әкенің қамқорлығы осы жерде табыла қалғаны, жүректегі сағыныш сезімін баяулатқан кездер естен кетпейді.

1980 жылы Ләззат апам Мұрат жездеме тұрмысқа шықты. Олар Жезқазғанда тұрады. Сәтбаев қаласында не жақсы танысым, не досым жоқ кезең. Сол уақыттан бастап Мұрат жездемнің досы Қожахметов Бауыржан осы Сәтбаевтағы арқа тұтар бір ағамдай болып кетті. Оған биыл 45 жыл толады. Бауыржанның әкесі Қожахметов Оразбек Сәтбаевтың алдыңғы қатардағы ел ағаларының бірі екен. Ол кісінің зор атағынан алыстағы ат шошығанымен, жаны жайсаң, өте мейірімді, жан жағына қамқорлығын шашып жүретін адам екендігін таныса келе білдім.

Баяғының белдеуінен ат кетпеген деген үйі осындай болған шығар сірә. Қай кезде барсаң да, ол үй қонақтан арылмаған ошақ болатын. Мұрат жездем мен Қайыркен ағайдың үйлері қашықтықтау болғандықтан емес, Орекеңнің қамқорлығын сезінгендіктен бұл үй менің екінші үйімдей болды десем артық айтқандық болмас.

Оразбек әкеміз 1942 жылы соғысқа аттанып 1946 жылы елге оралған көрінеді. Соғыста жүрген кенжесінің амандығын тілеген шешесі ауылдың балаларына «балаңыз аман келсін» деп айтыңдар» дейді екен. «Балаңыз аман келсін» деген балаға, қалтасындағы шақпақ қанттан беріп, «тілеуіңді берсін» деп батасын береді екен жарықтық. Сөйтіп қолындағы бар қантын өзі жемей, баласының амандығын тілеген деседі.

Орекеңнің сұрапыл соғыстағы ерлігі, бейбіт өмірде жалғасын тауып Рудник кеншінде 1986 жылға дейін жалғасты. Оразбек әкеміз 9 мамыр Жеңіс күнін өте жоғары қастерлеп, бұл күн менің туған күнім дейтін. Жылда 9 мамыр күні Орекең Жеңіс күніне арналған шеруден келгенде біз ол кісіні күтіп отыратынбыз. Орекеңнің омырауында Қызыл Жұлдыз, үшінші дәрежелі Даңқ, Отан соғысы ордендерімен қатар «Ерлігі үшін», «Кенинсбургты алғаны үшін», т.б. медальдары жарқырап тұратын. Жеңістің 40 жылдығына арнайы жаратқан айғырды сойып, барлық майдангерлерді шақырып үлкен той жасағаны да есімізде. Мені адамдардың көпшілігі Бауыржанның інісі деп ойлайтын, себебі екеуіміз бірге жүреміз, түр тұрпатымыз да ұқсас. Орекеңнің өзімен қатарлас Бірман деген жиені: - Ореке осы бала сіздің үйден шықпайды, бұл қай бала -дегенде Оразбек әкей: -Әй, саған не болған бұл Бауыржаннан кейін туған Бекежан емес пе?- дегені бар. Ана кісі аңқаулау болатын: -А солай екен-ау, мен ұмытып қалыппын -дегенде біз қыран топан күлгеніміз бар.

Оразбек әкеміз жалғыз туған -туыстарына емес, барлық жұрттың қамын ойлайтын жан еді. Сол кезде ол кісінің үш- төрт үйір жылқысы болды, бірақ соның жартысынан көбі жұрттыкі. Ол кісі жолдан жығылмай реті келсе мал атауды жақсы көретін. Айдаладағы маған да «бір інім үйленді» дегенімде «Сүйінші десей» деп құлын атаған. Жылқы қарауға шығамыз, сонда маңайындағы елдің де малын түстеп түгендеп келген соң бәріне телефон соғып хабарын айтатын жарықтық.

Оразбек әкеміз жан жағына шапағатын шашып жүретін жан дедім ғой, ол кісі адам жатырқамайтын, маңайындағылардың жағдайын ойлап, қолынан келгенше демеу беруге асығатын елдің қамқоршысы болды. Сырт көзге қатаң адам болып көрінгенмен, әдемі шырайлы жымия күлген күлкісі алысты өзіне тартып жақындатып тұратын еді. Сонымен қатар ол кісінің қарапайымдылығы мол болатын. Жасындағы тартқан жетімдік, ашаршылық жылдардағы қиындықтар туралы айта қоймайтын. Соғыс жайында да көп айта бермейтін, тек кейде шешесі есіне түскенде, талай оқтың бұл кісіге тимей шинелының балағы оқтан шұрық-шұрық тесілгені «қайран шешемнің тілеуінен болған шығар» деп қоя салатын.

Орекең өлгенше Бауыржанмен қоса бізге де «құлдық, құлдық» деп айналып толғанып кетті. Осындай Алланың кеңінен пішіп берген жаны жайсаң майдангер әкем менің жадымда мәңгілік сақталады. Марқұмның жаны жәннәтта, иманы серік болсын деп тілеймін!

***Т. БЕЙСЕМБАЕВ,***
***ардагер кенші.***

# АУҒАН АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

***15 ақпан – Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 36 жыл толатын күн. Осы атаулы датаға орай бүгін Сәтбаев қаласының №14 жалпы білім беретін мектебінде салтанатты митинг өтті. Іс-шараны Сәтбаев қаласының Достық үйі ұйымдастырды.***



Қала әкімінің орынбасары Дархан Мұқан алыс өлкелерде бейбітшілік үшін күрескен жауынгерлерге алғысын білдірді. Салтанатты митингке сондай-ақ құрметті интернационалист-жауынгерлер, Сәтбаев қаласының ішкі саясат бөлімінің қызметкерлері, жастар және мектеп оқушылары қатысты.

Ауған соғысынан оралмаған, бейбіт өмірде өмірден өткен жерлестерімізді бір минут үнсіздікпен еске алды… Олардың есімі – мәңгі жадымызда!

Митинг гүл шоқтарын қою рәсімімен аяқталды. Ұйымдастырушылар №14 мектеп ұжымына және аталған білім беру мекемесінің директоры Фариза Отжанқызы Сыздықоваға алғыстарын білдірді.

Іс-шаралар легі Ауған соғысы ардагерлерін Сәтбаев қаласының Достық үйінде құрметтеумен жалғасты. Интернационалист-жауынгерлерге мол дастархан жайылып, жарқын концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Сонымен қатар, бірқатар азаматтарға Сәтбаев қаласы әкімінің алғыс хаттары табысталды.

Кештің ерекше бөлігі – «еркін микрофон» болды. Құрметті қонақтар өз тілектерін білдіріп, естеліктерімен бөлісті… Бүгінде Ауған соғысы ардагерлері түрлі салада табысты еңбек етіп, қала мен облыстың дамуына зор үлес қосуда.

«Үйге аман-есен оралғандарыңыз үшін, өмірлеріңізді жалғастырып, жасампаздық танытқандарыңыз үшін сіздерге алғысымыз шексіз! – деп жиналғандар кеш қонақтарына құрмет көрсетті. – Соғыс жолдарынан өтіп, өмірдің қадірін білуді үйрендіңіздер, нағыз ер азаматқа тән достықты сезіндіңіздер, сабыр мен төзімділікке үйрендіңіздер… Сіздер жауынгерлік борыштарыңызды абыроймен өтедіңіздер!»

Ауған соғысының құрметті ардагерлеріне айтылған барлық жүрекжарды жылы лебіздерге біз де қосыламыз!

***Динара НӘШКЕНОВА,***
***«Қазақстан халқының рухани, қоғамдық және ұлтаралық келісім орталығы» КММ директорының орынбасары***

# ЕРЛІК ЕСКІРМЕЙДІ

***Ауған соғысынан оралмағандардың бірі – Олег Морозов. Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге аттанған жас жігіт туған жерге темір табытпен оралған еді...***

Міне, оған да қырық жылға тақап қалды. Бірақ, өзінің әскери міндетіне адалдықтан айнымаған, сол үшін өмірін қиған оның есімі ұмытылған жоқ. Жыл сайын ауған соғысына қатысушылар, ол оқыған мектеп ұжымы, қатар дос-жарандары Олегті еске алып отырады.

Олегтің анасы Ирина Петровнаға жақында Сәтбаев қаласындағы Достық үйінің басшылары Оксана Жук және Динара Нәшкенова арнайы сәлем бере барды. Олар қарт анаға адал перзент тәрбиелеп өсіргені үшін алғыстарын білдіріп, сый –сияпат жасады.

-Мен ұлымды жоғалтқанмен, оның есімі ұмыт болған жоқ. Бұл оның Отан алдындағы азаматтық борышын адалдықпен атқарғанына деген көпшіліктің құрметі деп білемін. Ешқашан ешқандай жерде соғыс болмағанын қалаймын –деді Ирина Петровна ағынан жарылып.

Ерлік ескірмейді. Өткен ерлерді еске алу бүгінгі һәм ертеңгі ұрпақты Отаншылдыққа тәрбиелуге өзінің зор әсерін тигізетіні сөзсіз.

***Өз тілшіміз***

# «ЖЕТІ ҚАТ ЖЕРДЕ КӨМІЛІП ҚАЛҒАН,



Ардақ Боранбайұлы
ЖАҚУБАЕВ
(1998-2025)



Олжас Жағалбайұлы
НҰРІЛДАЕВ
(1979-2025)



Орынбек Әмірханұлы
КЕНЖЕБЕКОВ
(1991-2025)



Қайрат Аманбекұлы
АҚШАЛОВ
(1975-2025)

● КӨҢІЛҚОС

### ИМАНДАРЫ САЛАМАТ БОЛСЫН!

«Жомарт» кенішінде қаза тапқандардың жандары жәннатта, имандары саламат болсын! Марқұмдардың отбасылары мен жақындарының қайғыларына ортақтасып көңіл айтамын».

*Әлихан Байменов,*
*Мемлекет және қоғам қайраткері.*

* * *

«Ажал айтып келмейді» дегендей, кен қазып, нәсібін тауып, бала-шағасын асырап жүрген 7 бауырымыздың өмірі үзілді. Парламентте талай көтерілгендей, кен орындарындағы басты мәселе - адам өмірінің қауіпсіздігі болуы қажеттігі тағы да алдымыздан шықты.

Жеті арыстың қазасы - қалың елдің қайғысы!

Қайғылы қазаға ұшыраған кеншілердің отбасылары мен туған-туыстарының қайғысын бөлісіп, көңіл айтамыз. Пейіште рухтары шалқи бергей.

*Қазыбек Иса,*
*ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.*

* * *

«Жомарт» кенішінде орын алған авария жеті бірдей азаматтың өмірін жалмады. Бұл орны толмас қайғы. Қаза тапқандардың отбасылары мен жақындарына шын жүректен көңіл айтамын. Кеншінің еңбегі – ең ауыр, ең қауіпті кәсіптердің бірі.Олар жер қойнауынан ел игілігі үшін қазына өндірді, адал еңбегімен өмір сүрді. Бірақ, олардың өмірлері өндірістегі еңбек қауіпсіздігі талаптарының әлсіздігінен үзілмеуі керек еді...

Мен бұған дейін де азаматтық қорғаныс пен өндірістік қауіпсіздік заңнамасын күшейтуді айтып келемін.Осындай қайғылы оқиғалардың алдын алу үшін нақты шешімдер қабылдануы тиіс. Бұл –қаза болған жігіттірдің рухтары мен олардың отбасылары алдындағы міндетіміз».

*Ерболат Сатыбалдин,*
*ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.*

* * *

«Ұлытау облысында «Қазақмыс» корпорациясына қарасты «Жомарт» кенішінде тау жынысы опырылып салдарынан жеті адам үйінді астында қалғаны көңілімізді алаңдатуда.

Тосын апаттың орын алуы бірінші рет емес, салғырттықтың салдарынан жылдар бойы қордаланған кемшіліктердің зардабы.

Қаза тапқан жұмысшылардың отбасына көңіл айтамын.

Тосын апатты жағдайдың орын алу себептеріне кеншенді тергеу жұмыстары жүргізіліп нәтижесі ашық жариялануы тиіс. Қайғылы оқиға қайталанбас үшін нақты шешімдер қабылдануын талап етемін. Әр адамның өмірі біз үшін қымбат. Жұмыс берушілер өндірістік қауіпсіздікті дұрыс жолға қоймаса қауіп сейілмейтіні ақиқат».

*Аманжол Әлтай,*
*ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.*

## ҚАНАТ БОЗЫМБАЕВ ТЕРГЕУ АЯҚТАЛҒАНҒА ДЕЙІН ШАХТАДАҒЫ ЖҰМЫСТЫ ҚАЙТА БАСТАМАУДЫ ТАПСЫРДЫ

***«Қаза тапқандардың ғана емес, олардың отбасы мүшелерінің де қарыздары мен несиелерін өтеу қалыпты жағдай. Сіздер отбасылардың жағдайын мұқият саралап, балаларды, оның ішінде кәмелетке толмағандарды оқытуға кететін шығындарды жабуларыңыз керек», — деді Қанат Бозымбаев.***

Ал республикалық бюджеттен асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік жәрдемақы, сақтандыру төлемдері қарастырылған және жерлеу шығындары өтеледі. Вице-премьер төлемдерді кешіктірмеуді тапсырды. Тиісті тергеулерден кейін шахтада «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-де келісімшарттық міндеттемелер қайта қаралатын болады.

«Тергеу оның қауіпті немесе қауіпсіздігін көрсетпейінше, шахтадағы жұмысты қайта бастау туралы ойламаңыз. Жүйе мен тәсілдерді түбегейлі өзгерту қажет, біз мемлекет тарапынан оларды қатайтатын боламыз. Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті құрылды, біз заңнаманы өзгертеміз. Қазір Парламентте тиісті заң жобасы қаралуда, осы заң жобасы шеңберінде Төтенше жағдайлар министрлігіне қосымша өкілеттіктер берілетін болады. Мұндай жазатайым оқиғалары алдын алу үшін біз бар күшімізді саламыз. Мемлекет басшысы тергеуді мұқият жүргізуді тапсырды. Бұл құқық қорғау органдарының сараптамалары, өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің тергеуі, сондай-ақ сіздің еңбек инспекторларыңыздың тексерулері. Сіздің міндетіңіз – осы төтенше жағдайға кімнің жол бергенін анықтау», – деді Қанат Бозымбаев компания басшылығына.

*«Egemen Qazaqstan» 18, 02.2025*

## ҚАЗА ТАПҚАН КЕНШІЛЕРДІҢ ОТБАСЫЛАРЫНА АСЫРАУШЫСЫНАН АЙРЫЛУ БОЙЫНША ЖӘРДЕМАҚЫЛАР МЕН ТӨЛЕМДЕР ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ

***Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша Ұлытау облысындағы «Қазақмыс» МК кенішіндегі ТЖ салдарынан қаза тапқан кеншілердің отбасыларына бюджеттен мемлекеттік жәрдемақы және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – МӘСҚ) асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер тағайындалады.***

Қаза болған әрбір кеншінің асырауында балалары болғанын ескере отырып, олардың отбасыларына асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындалады. Жәрдемақы мөлшері қайтыс болған асыраушысының асырауындағы адамдардың санына және ең төменгі күнкөріс деңгейіне байланысты.

Жәрдемақының бұл түрі 8 жасқа дейінгі баласы бар жұмыссыз үш анаға да тағайындалады.

Қаза тапқан кеншілердің барлығы міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары болғандықтан, олардың отбасына мемлекеттік жәрдемақыдан бөлек, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдер тағайындалады.

Осылайша, асырауындағы бір адам үшін бюджеттен төленетін жәрдемақы мөлшері 42 530 теңгені, ал МӘСҚ-дан төленетін төлемдер – 141 523 теңгені, асырауында бес адам болса, жәрдемақы мөлшері 127 127 теңгені және МӘСҚ-дан төленетін төлемдер – 335 017 теңгені құрайды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша төлемдер балалары 18 жасқа толғанға дейін, ал олар жоғары оқу орындарында күндізгі бөлімде оқыған жағдайда – 23 жасқа дейін төленеді.

Сондай-ақ қаза тапқан кеншілер отбасыларының барлығы «БЖЗҚ» АҚ-дан 369 608 теңге (94 АЕК) мөлшерінде жерлеуге арналған біржолғы төлем алуға құқылы.

Сонымен қатар жұмыс беруші компания қаза тапқандардың отбасыларына ұжымдық шартта көзделген барлық қажетті көмекті көрсетеді:

- Жерлеу рәсімін ұйымдастыру үшін 550 АЕК мөлшерінде төлемдер (2 162 600 тг);
- Қайтыс болған адамның отбасына жылдық орташа жалақының 10 еселенген мөлшерінде төлем. Орташа алғанда бұл – 84 млн-нан 124 млн теңгеге дейін;
- Асыраушысынан айырылу бойынша ай сайынғы төлемдер;
- Балалардың оқу ақысын төлеу;
- Қаза тапқан жұмысшылардың несиелері мен қарыздарын өтеу.

*Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің ресми ақпараттық ресурсы*

# ЖЕТІ АРЫС, ЖЕТІ ҚЫРШЫНЫМ!»



Ғалымжан Есенбекұлы
**МОЛДАБЕКОВ**
**(1978-2025)**



Константин Владимирович
**РОЖКОВ**
**(1992-2025)**



Бақытбек Нышанұлы
**ЖҰМАДУЛЛАЕВ**
**(1975-2025)**

## ● ҚАРАЛЫ ЖЫР – ХАЛЫҚ ҮНІ

### ҚАЙҒЫ КЕП ТҮРДІ ТАҒЫ ДА ІРГЕНІ

«Жомарт» та менің ауылым еді,
Бауырым еді жеті арыс.
Қайғы кеп түрді тағы да іргені,
Қырсықтың болсын беті алыс.

Қобыз да шалған,
Кейде өлең айтқан,
Сарыарқа белі,
саяң нұр.
... Жошы қазасын күйменен
айтқан
Кетбұға бабам,
оян бір!

Біледі дейсің өмірі ұқпаған,
Ажалдың мынау кім сырын?
Жеті қат жерде көміліп қалған
Жеті арыс,
Жеті қыршыным!

Ей, Жаңаарқам,
көкті жаңғыртасың ба,
Опаттан оғлан озғасын...
Ұлытауымның тарғыл тасына
Тарамдап аққан көз жасым.

Бір биік болып тұрсың, Едіге,
Шала да жансар бір кездер...
Күңгірттеу үнмен күрсінеді ме
Күңгір де күңгір күмбездер?!

Тарылтқаның ба,
өрісті күнім,
Шатылмас жерде шатылып.
Сарысу мен Кеңгір көрісті бүгін.
Ақпанның айы аһ ұрып...

Төрге озғандары төңірегімнің,
Күйіс қайырған қодастай...
Жанарын сүртші,
Менің елімнің –
Қайғыдан тұрған көз ашпай!

***Ғалым Жайлыбай,***
***Астана,***
***18 ақпан, 2025 жыл***

### ЖЕТІ КЕНШІ КЕТТІ ТАҒЫ БАҚИҒА

Тағы шахта, тағы оқыс оқиға,
Ел қаралы хабар тағы оқи ма?
Жеті қабат жер астында тер төккен,
Жеті кенші кетті тағы бақиға.

Қанша ата - ана шашы
бүгін ағарды?
Қанша бала бақытынан тоналды?
Бейбіт күнде ел -аман,
жұрт - тыныштa,
Қандай ауыр - есту мұндай
хабарды...

«Қазақмыстың» жер жарғанмен
атағы,
Қауіпсіздік жағы ақсап жатады.
Шахталары жиі апат болатын,
Ажалдың да болып тұр - ау апаны.

..Қайғылы бір көп сериялы кинодай,
Жайсыз хабар айылын тұр жинамай.
«Отбасына бізден жәрдем болад»
деп,
Жаттанды сөз жатыр айтып
Ким - Огай...

***Мұқаш Сейтқазинов,***
***Жезқазған, 18 ақпан, 2025 жыл***

---

### БІР АДАМНЫҢ ҚҰНЫ ҚАНША...

Соғыссыз-ақ қайран қазақ,
Бара жатсың азайып.
Жер қойны да тоймайды екен,
Бұл не деген ғажайып.

«Қазақмыстың» шахтасынан
Талай боздақ жер құшты.
Өсем, өнем деген арман
Әдіра қалды, желге ұшты!

Жеті боздақ тағы бүгін,
Қалды үйінді астында.
Қабырғасын қайыстырды,
Үлкеннің де, жастың да.

Бар шығынды өтейміз деп,
Үйіп төгер уәдені.
Бір адамның құны қанша,
Біле ме екен әуелі!

Байлық шіреп кекіргендер,
Білер ме жанның наркын-ай!
Өз байлығы өз еліне
Бұйырмаған халқыма -ай!

***Тойған Мұстафақызы,***
***еңбек ардагері.***
***Жезқазған қаласы.***

---

«Бүгін біз үшін орны толмас ауыр күн. «Қазақмыс» корпорациясының қызметкерлері – біздің үлкен отбасымыз және әрқайсының өмірі біз үшін баға жетпес құндылық.

Қайғылы оқиғада қаза тапқан жеті әріптесіміздің отбасына, жақындарына және барша туған-туыстарына қайғырып көңіл айтамыз. Бұл — біз үшін орны толмас ауыр қайғы.

Әрбір қызметкеріміздің амандығы – біздің басты құндылығымыз. Біз бұл жағдайды терең зерттеп, тиісті шара қабылдаймыз. Қазіргі уақытта құзырлы органдар оқиғаның мән-жайын анықтауда. Біз барынша қолдау көрсетеміз.

Біз әріптестерімізді жадымыздан шығармаймыз. Олардың есімі жүрегімізде мәңгі сақталады».

***Құрметпен,***
***«Қазақмыс» корпорациясы.***

## ● КӨҢІЛҚОС

### ИМАНДАРЫ САЛАМАТ БОЛСЫН!

«Қайғылы оқиға баршамыздың жүрегімізге ауыр тиді. Бұл жағдай - бірнеше отбасы үшін орны толмайтын қаза. Бұл қасірет баршамыз үшін оңайға соққан жоқ.

Қайтыс болған кеншілердің туған-туыстарына, жақындарына шын жүректен көңіл айтамын».

***Дастан Рыспеков,***
***Ұлытау облысының әкімі.***

* * *

«Жомарт» кенішінің жеті кеншісі тау жынысының құлауы салдарынан қайтыс болды. Бұл шұғыл хабарды облыс ардагерлері қайғырып қабылдады. Марқұмдар отаншыл, адал еңбек иелері, берекелі отбасыларының отағасылары еді. Алланың жазуы осылай болды.

Біз «Қазақмыстың» ұжымына, марқұмдардың отбастарына, туған-туыстарына, жолдас-достарына көңіл айтамыз.

Жандары жұмақтың төрінде болғай.

Аллатағала марқұмдардың жақындарына сабыр берсін.

***Сағындық Қожамсейітов,***
***Ұлытау облысы Ардагерлер Кеңесінің төрағасы.***

* * *

«Кен орнында орын алған қайғылы жағдай баршамыздың қабырғамызды қайыстырды. Қаза тапқан кеншілердің отбасыларына қайғыларына ортақтасып, өзімнің және қала тұрғындарының атынан көңіл айтамын.

Бұл орны толмас қасірет. Отбасы мен жақындарына сабыр берсін».

***Мұрат Бөрібаев,***
***Сәтбаев қаласының әкімі.***

* * *

«Қазақмыс» корпорациясының кенішінде орын алған апатты жағдайдан қаза болған кеншілердің туған-туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз».

***Сәтбаев қалалық мәслихаты.***

* * *

«Кен өндірісі саласында тағы да ауыр қайғы орын алып отыр. Ғ.Омаров атындағы шахтапроходкалау тресінің жеті бірдей жұмысшысы «Жомарт» кенішінде қаза тапты. Өзімнің және мыңдаған әріптестерімнің атынан қаза болған марқұмдардың отбасына, туған-туыстарына көңіл айтамын. Жаратқан имандарынан жарылқасын!».

***Тұрсынбек Макишев,***
***Қазақстанның Еңбек Ері,***
***кенші.***

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

# ҚАЗАҚСТАН: ИНКЛЮЗИВТІ ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ ЖӘНЕ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АДАМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

***Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және олардың тең мүмкіндіктерін жасау қазіргі қоғамның маңызды басымдықтарының бірі болып табылады. Қазақстан, әлемнің көптеген елдері сияқты, әрбір адам өзінің ерекшеліктеріне қарамастан өз әлеуетін іске асыра алатын инклюзивті ортаны құру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.***

2023 жылғы 7 маусымда Қазақстан Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттаманы ратификациялау арқылы мүгедектердің құқықтарын қорғауда маңызды қадам жасады. Бұл еліміздің халықаралық стандарттарға адалдығын және әрбір адам өз әлеуетін іске асыра алатын инклюзивті ортаны құруға ұмтылысын көрсетеді.

Бүгінде Қазақстанда ерекше қажеттіліктері бар 732 мыңға жуық азамат тұрады, бұл халықтың 3,6 пайызын құрайды. Мемлекет олардың өмір сүру сапасын жақсарту және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету шараларын белсенді түрде жүзеге асыруда.

Еліміздің барлық өңірлерінде мүмкіндігі шектеулі жандардың жағдайын жақсарту, оның ішінде білім алуға, жұмысқа орналасуға, денсаулық сақтау мен әлеуметтік көмекке қол жеткізу бойынша жұмыстар жалғасуда.

2024 жылы азаматтар үшін рәсімдерді жеңілдететін сырттай медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу пилоттық жобасы аясында 96,9 мыңнан астам өтініш қаралды.

Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 1,1 миллионнан астам қызмет көрсетілсе, инватакси қызметі 207 мыңнан астам рет пайдаланылды.

Әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалатын шығыстар жыл сайын 22%-ға артып, 2024 жылы 748,5 млрд теңгені құрайды.

2024 жылдың желтоқсанында мүгедектіктің медициналық-әлеуметтік моделінен әлеуметтік және адам құқықтары моделіне көшуге бағытталған 2030 жылға дейінгі инклюзивті саясат тұжырымдамасы бекітілді. Жаңа тәсіл мүгедектердің қоғам өміріне белсенді қатысуының жаңа перспективаларын тудыратын мүмкіндігі шектеулі жандарды барынша әлеуметтік қамту шараларын қабылдауды көздейді.

Ұлттық құқық қорғау институты мен аймақтық өкілдер азаматтардың өтініштерімен белсенді жұмыс істейді, медициналық көмек көрсету, мүгедектерді тағайындау және жеке көмекшілермен қамтамасыз ету мәселелерін шешуге көмектеседі.

Бұл жетістіктердің әрқайсысы Қазақстанның тең мүмкіндіктер саясатын дамытып қана қоймай, ерекше қажеттіліктері бар адамдардың өмір сүру сапасын белсенді түрде жақсартып жатқанын көрсетеді. Үздіксіз бастамалар мен өзгерістердің нақты мысалдары әділ және қолдаушы қоғам құрудың кілті болып табылады.

***Аманжол КАРИМОВ,***
***ҚР Адам құқықтар жөніндегі уәкілдің Ұлытау облысы бойынша өкілі***

МЕМЛЕКЕТ ҚЫЗМЕТІ

# ДЕПАРТАМЕНТ АЗАМАТТАРДЫҢ БҰЗЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРДІ

***Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) белгіленген құзыреттілік шегінде мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және мемлекеттік бақылау салаларында реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын Агенттіктің аумақтық органы болып табылады.***

Қазақстан Республикасының Конституциясында адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына екендігі көрсетілген.

Осы орайда, Департамент өзінің жұмысының маңызды бағыттарының бірі ретінде жеке және заңды тұлғалардың және мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғауды айқындап отыр.

Ағымдағы жылдың қаңтар айында Департаменттің өндірісіне Ж. есімді азаматшадан бала күтіміне байланысты еңбек демалысында болу кезеңінде оған мемлекеттік органдағы басқару құрылымының өзгергеніне байланысты лауазымы қысқартылатыны жайлы ұсынылған хабарламамен келіспейтіні жайлы өтініші келіп түсті.

Өзінің өтінішінде азаматша Ж. оған берілген хабарлама заңға қайшы екендігін көрсетіп, Департаменттен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жедел шаралар қабылдауды сұрады.

Департаментпен өтініштің мәні бойынша мемлекеттік органнан тиісті мәлімет пен материалдар сұратылып, зерделенді. Нәтижесінде, өтініш иесінің келтірген уәждері өзінің дәлелін тапты.

Мәселен, Еңбек кодексінің 46 бабына сәйкес, қызметшіге хабарламалар еңбек жағдайларының өзгергені кезінде ғана беріледі.

Алайда, мемлекеттік органның ішіндегі басқару құрылымының өзгергені туралы тиісті акт қабылданбағанына қарамастан, мемлекеттік орган тарапынан Ж. есімді азаматшаға еңбек заңнамасына қайшы хабарлама жолданған.

Бұдан бөлек, мемлекеттік орган тарапынан ұсынылған хабарлама Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасының 2016 жылғы 28 қазандағы №27 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әкімшілік қызметтің кадрдағы іс қағаздарын жүргізу құжаттарының үлгілік нысандарына сәйкес рәсімделмегені анықталды.

Департаменттің араласуынан кейін мемлекеттік органның ұсынған хабарламасы кері қайтарылып, заң бұзушылыққа жол берген кінәлі лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Департамент азаматтардың заңды мүдделерін қорғау мен бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бағытындағы жұмысын бұдан әрі де жүйелі негізде іске асыруды жалғастыратын болады.

Мәлімет ретінде айта кету қажет, өткен жылы Департамент мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау бағыты бойынша 94 азаматтың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 9 есеге көп.

Өз кезегінде азаматтардың назарына мемлекеттік қызмет, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер және Әдеп кодексі нормаларының бұзылуы дерегіне куә болған жағдайда, Департаментке жүгіну арқылы бұзылған құқықтарыңызды қорғауға болатынын жеткіземіз.

***Роман КИМ,***
***Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агеттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы***

ЗАКОН И ОБЩЕСТВО

# РАВЕНСТВО ВСЕХ ПЕРЕД ЗАКОНОМ В ГРАЖДАНСКОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ

***Согласно статьи 14 Конституции Республики Казахстан, все равны перед законом и судом. Никто не может подвергаться какой-либо дискриминации по мотивам происхождения, социального, должностного и имущественного положения, пола, расы, национальности, языка, отношения к религии, убеждений, места жительства или по любым иным обстоятельствам.***

Статья 13 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан также закрепляет рассматриваемый принцип, провозглашая следующее, что правосудие по гражданским делам осуществляется на началах равенства всех перед законом и судом. В ходе гражданского судопроизводства никому из: граждан не может быть отдано предпочтение, никто из них не может подвергаться дискриминации по мотивам происхождения, социального, должностного и имущественного положения, пола, расы, национальности, языка, отношения к религии, убеждений, места жительства или по любым иным обстоятельствам; юридических лиц не может быть отдано предпочтение и ни одно из них не может подвергаться дискриминации по мотивам места их нахождения, организационно-правовой формы, подчиненности, формы собственности и других обстоятельств. Условия гражданского судопроизводства в отношении лиц, обладающих иммунитетом от гражданско-правовой ответственности, определяются Конституцией Республики Казахстан, настоящим Кодексом, законами и международными договорами, ратифицированными Республикой Казахстан.

Равенство всех перед законом и судом – принцип гражданского процессуального права, согласно которому правосудие по гражданским делам осуществляется на началах равенства перед законом и судом всех граждан независимо от пола, расы, национальности, языка, происхождения, имущественного и должностного положения, места жительства, отношения к религии.

Равенство перед законом, равноправие – важнейший принцип демократии и классического либерализма. Нарушение этого принципа называется дискриминацией.

Равноправие делает акцент на правах человека и их ограничениях. Предметом особого внимания является законодательная защита прав и равный доступ всех граждан к правовой системе.

Равенство перед законом включает одинаковую обязанность граждан соблюдать закон и равное отношение правосудия к участникам судебного процесса. Последнее тесно связано с принципом верховенства права, поскольку требует, чтобы законы в равной степени относились к тем, кто их издает и кто обладает верховной властью. Правосудие не должно принимать во внимание происхождение, власть, обеспеченность или общественное положение стоящих перед ним лиц. Юрисдикция судов, которые выносят постановления по делам обычных граждан, должна распространяться на всех граждан.

Правосудие осуществляется единой судебной системой. В Казахстане отсутствуют сословные суды, предназначенные для рассмотрения дел отдельных субъектов. Суды рассматривают и разрешают гражданские дела, руководствуясь единой процессуальной формой. Лица, обладающие определенным процессуальным статусом, наделены равными правами и несут равные обязанности. Равенство всех перед законом проявляется в единстве права, которое применяется одинаково ко всем субъектам гражданских процессуальных правоотношений. Правосудие в Республике Казахстан осуществляется на основе состязательности и равноправия сторон.

***Ж.ӨМІРБЕКОВА,***
***руководитель Администратора Жезказганского городского суда***

# ҒАЛАМТОРДАҒЫ РАДИКАЛДЫ КӨЗҚАРАС

***Ғаламтор қазіргі қоғамның ажырамас бөлігіне айналып, ақпарат алмасудың басты құралы болды. Алайда оның шексіз мүмкіндіктерімен қатар, теріс құбылыстар да орын алуда. Солардың бірі – радикалды көзқарастардың таралуы. Бұл құбылыс қоғамға әлеуметтік, саяси және психологиялық тұрғыдан елеулі әсер етеді.***

***Радикализмнің ғаламторда таралу себептері***

1. Анонимдік және еркіндік. Ғаламтор пайдаланушыларға анонимділік ұсынады, бұл өз кезегінде адамдарға өз ойларын цензурасыз білдіруге мүмкіндік береді. Осыған байланысты, радикалды идеяларды ашық насихаттау оңайырақ болады.

2. Алгоритмдердің әсері. Көптеген әлеуметтік желілер мен іздеу жүйелері пайдаланушылардың қызығушылығына сай контент ұсынатын алгоритмдер қолданады. Егер адам белгілі бір радикалды идеяларға қызығушылық танытса, платформа оған сол тақырыпқа жақын материалдарды көбірек ұсына бастайды. Бұл ақпараттық “көпіршік” құрып, адамның көзқарасын одан әрі радикалдандырады.

3. Ақпараттың жылдам таралуы. Ғаламтор арқылы кез келген ақпарат лезде миллиондаған адамға жетуі мүмкін. Бұрын шектеулі аудиторияға ғана тарайтын радикалды идеялар қазір ғаламдық деңгейде таралуда.

4. Жастар мен әлеуметтік осал топтарға әсері. Жастар мен әлеуметтік жағдайы төмен адамдар радикалды идеялардың ықпалына көбірек ұшырайды. Өйткені олар жиі әділетсіздікке, теңсіздікке және әлеуметтік қысымға тап болып, радикалды қозғалыстарды әділдікке апарар жол деп қабылдайды.

***Ғаламтордағы радикалды идеялардың таралу жолдары***



1. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер. Радикалды топтар арнайы қауымдастықтар мен жабық чаттар арқылы өз идеяларын таратады. Telegram, WhatsApp, Discord сияқты платформалар осындай топтардың орталығына айналуда.

2. Форумдар мен анонимді платформалар. Reddit, 4chan, Darknet сияқты платформаларда радикалды топтардың белсенділігі жоғары. Бұл жерлерде адамдар радикалды көзқарастарын ашық білдіріп, жаңа мүшелерді тартуға тырысады.

3. Блогтар мен видеоконтент. Кейбір блогерлер, YouTube және TikTok-тың ықпалды пайдаланушылары радикалды идеяларды жасырын немесе ашық түрде насихаттайды. Олардың сөзі әсіресе жас буынға үлкен әсер етеді.

***Радикалды көзқарастың қауіптілігі***

1. Қоғамдық тұрақсыздық. Радикалды идеялар қоғам ішінде алауыздық тудырып, әлеуметтік шиеленістердің артуына себеп болады. Бұл тұрақсыздық наразылықтар мен қақтығыстарға әкелуі мүмкін.

2. Терроризм қаупі. Радикализмнің шегі экстремизм мен терроризмге алып келуі мүмкін. Көптеген террорлық ұйымдар өз қатарына адамдарды ғаламтор арқылы тартады.

3. Ақпараттық манипуляция және жалған ақпарат. Радикалды топтар фейк жаңалықтар таратып, қоғамдық пікірді бұрмалауға тырысады. Бұл демократиялық процестерге, әсіресе сайлау кезінде, үлкен әсер етуі мүмкін.

***Қалай күресу керек?***

1. Медиа сауаттылықты арттыру. Адамдар ғаламтордағы ақпараттың барлығы шынайы емес екенін түсінуі керек. Оларды жалған ақпаратты ажыратуға үйрету маңызды.

2. Әлеуметтік желілердің жауапкершілігі. Facebook, Instagram6 Вк сияқты платформалар радикалды контентті анықтап, бұғаттау механизмдерін күшейтуі қажет.

3. Заңнаманы қатаңдату. Киберқауіпсіздік шараларын күшейтіп, радикалды контент таратушыларға заң жүзінде жауапкершілік жүктеу керек.

4. Балалар мен жастарға назар аудару. Жасөспірімдермен жұмыс істейтін бағдарламалар мен тәрбие жүйелерін күшейту қажет. Бұл оларды радикализациядан қорғаудың тиімді әдісі болмақ.

Ғаламтордағы радикалды көзқарастар – бүгінгі қоғамның маңызды мәселелерінің бірі. Оның алдын алу үшін кешенді шаралар қажет: ақпараттық сауаттылықты арттыру, әлеуметтік желілердегі бақылауды күшейту, жастармен тәрбие жұмысын жақсарту және заңнаманы жетілдіру. Тек осындай жолмен біз радикализмнің таралуын тежеуге және қоғамның тұрақтылығын сақтауға қол жеткізе аламыз.

***Байдулат НҰРҒАЛИЕВ,***
***Ұлытау облысы***
***бойынша дін саласындағы***
***Пул сарапшысы***

ЕЛ ТІРЕГІ – ТЫНЫШТЫҚ

# ТЕРРОРИСТІК СИПАТТАҒЫ ҚЫЛМЫСТАР ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛДАРЫ ТУРАЛЫ

***Терроризм – бүгінгі күннің ең күрделі әлеуметтік-саяси мәселелерінің бірі болып табылады. Ол тек қана қоғамдық тұрақтылыққа қауіп төндіріп қоймай, сонымен қатар адамзаттың қауіпсіздігін де қатты қатерге ұшыратады. Террористік қылмыстардың салдары өте ауыр болып, олар тек қана материалдық шығындарға ғана емес, сонымен қатар адамдардың өміріне де әсер етеді. Осыған байланысты, террористік қылмыстарға қатысты жауапкершілікті арттыру және олардың құқықтық салдары туралы ақпаратты кеңінен тарату қажеттілігі туындайды.***

**Террористік қылмыстардың түрлері және олардың сипаттамасы**

Террористік қылмыстарға мыналар жатады:

1. Террористік актілерді ұйымдастыру және жүзеге асыру – бұл адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, қоғамдық қауіпсіздікті бұзатын әрекеттер.

2. Террористік ұйымдарға қатысу – мұндай ұйымдарға мүше болу, олардың қызметін қолдау немесе қаржыландыру.

3. Терроризмді қолдау – террористік актілерге ынталандыру, оларды жасауға көмектесу немесе ақпараттық қолдау көрсету.

4.Терроризмге байланысты қылмыстар – мысалы, қару-жарақ және жарылғыш заттарды заңсыз тасымалдау, терроризмге бағытталған ақпаратты тарату.

Террористік қылмыстар үшін жауапкершілік:

Террористік қылмыстар үшін жауапкершілік әр елдің қылмыстық заңнамасында қарастырылған. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде де терроризмге байланысты қылмыстарға қатаң жазалар белгіленген.

Мысалы: Террористік актіні ұйымдастыру немесе жүзеге асыру – бұл қылмыстар үшін тұрақты мерзімге дейін бас бостандығынан айыру немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру мүмкін.

Сонымен қатар, терроризмге қатысты қылмыстар үшін қаржылық жазалар да қолданылады. Мысалы, терроризмді қаржыландыруға қатысқан тұлғаларға айтарлықтай айыппұл салынуы мүмкін.

Терроризмге қарсы күрес және ақпараттандырудың рөлі:

Терроризмге қарсы күресте ақпараттандырудың рөлі өте зор. Азаматтарды терроризмнің қауіптілігі, оның салдары және оған қатысудың құқықтық салдары туралы хабардар ету қажет. Бұл мақсатта мынадай шараларды жүзеге асыру қажет:



1. Ақпараттық кампаниялар – терроризмнің қауіптілігі туралы хабардар ету, оған қатысудың салдарын түсіндіру.

2. Білім беру жүйесіндегі жұмыстар – мектептерде және жоғары оқу орындарында терроризмге қарсы тұру туралы сабақтар өткізу.

3. Қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық – терроризмге қарсы күресте қоғамдық ұйымдардың рөлін арттыру.

4. Интернет-ресурстарды пайдалану– терроризмге қарсы ақпаратты кеңінен тарату, әлеуметтік желілер арқылы хабардар ету.

Терроризм – бүкіл әлемдік қауіп, оған қарсы күрес тек қана мемлекеттік деңгейде емес, сонымен қатар әрбір азаматтың белсенді қатысуын талап етеді.

Террористік қылмыстардың алдын алу үшін құқықтық салдар туралы ақпаратты кеңінен тарату, азаматтарды хабардар ету және олардың санасын ояту қажет. Тек осылайша терроризмге қарсы тиімді күрес жүргізуге болады және қоғамдық тұрақтылықты сақтауға болады.

***Шалқар ҚҰРБАНБЕК,***
***«Сәтбаев қаласының дін сұрақтары бойынша ақпарат және кеңес беру орталығы»***
***КММ теологы***

# ГОРОСКОП на следующую неделю

## 24 ФЕВРАЛЯ – 2 МАРТА





**ОВЕН.** Эта неделя обещает быть полна драйва и неожиданных возможностей. В профессиональной сфере вас ждет всплеск инициативы: не упустите шанс продемонстрировать свои лидерские качества, даже если обстоятельства требуют нестандартных решений. В любви проявите чуть больше терпения и внимания, позволяя импульсам уступить место осмысленным поступкам.



**ТЕЛЕЦ.** Энергия спокойствия и уверенности будет окутывать вас на протяжении всей недели. Этот период лучше посвятить глубокому анализу и стратегическому планированию, особенно в финансовых вопросах. Внимание к мелочам поможет избежать неожиданных ошибок.



**БЛИЗНЕЦЫ.** Ваше естественное любопытство и коммуникабельность откроют перед вами новые горизонты. На работе появятся перспективы для творческих экспериментов, которые могут привести к неожиданным открытиям, а интеллектуальная деятельность будет в центре внимания.



**РАК.** Эмоциональная глубина и интуитивная чуткость помогут вам уверенно ориентироваться в сложных ситуациях. Неделя благоприятна для работы над семейными и личными вопросами: постарайтесь дать волю своим чувствам, не забывая при этом сохранять объективность.



**ЛЕВ.** Под сиянием весенних планет вас ожидает волна творческой энергии, способная окрасить как рабочие проекты, так и личные отношения яркими красками. Ваше природное обаяние и харизма привлекут к вам внимание новых знакомых и партнеров. Не бойтесь экспериментировать с новыми подходами, но помните о необходимости продумывать стратегию.



**ДЕВА.** Эффективность и точное планирование станут вашими верными союзниками в ближайшие дни. Интеллектуальный подход к решению вопросов позволит структурировать даже самые сложные проекты, а внимание к деталям поможет избежать недоразумений.



**ВЕСЫ.** Гармония и эстетический взгляд на жизнь зададут тон неделе. Вы сможете легко находить компромиссы даже в спорных ситуациях благодаря своему умению слушать и слышать других. Дипломатичный подход окажется полезным как в деловых переговорах, так и в личных отношениях.



**СКОРПИОН.** Эта неделя принесет Скорпионам эмоциональные и ментальные перемены. Глубокие переживания могут открыть перед вами новые горизонты в профессиональной и личной жизни, если вы сумеете взять под контроль свою страсть и не поддаваться мгновенным порывам.



**СТРЕЛЕЦ.** Оптимизм и стремление к новизне будут сопровождать вас на протяжении всей недели. Ваши поиски истины и приключений могут привести к неожиданным открытиям, способным изменить привычный образ жизни. В профессиональной сфере воспользуйтесь моментом для внедрения своих идей.



**КОЗЕРОГ.** Рациональный расчет и дисциплина помогут вам уверенно преодолевать любые вызовы на этой неделе. На рабочем фронте важно не торопиться и действовать по заранее продуманному плану, что позволит избежать ошибок в важных проектах. Личные отношения требуют времени для глубокого взаимопонимания.



**ВОДОЛЕЙ.** Вас ждет неделя, насыщенная инновационными идеями и свежими концепциями. Нестандартный взгляд на привычные ситуации позволит вам выйти за рамки обыденного и найти новые решения как в работе, так и в личных делах. Энергия перемен требует гибкости – будьте готовы адаптироваться к новому темпу событий, сохраняя при этом свою индивидуальность.



**РЫБЫ.** На этой неделе Рыбам стоит прислушаться к своей интуиции — она подскажет верное направление в работе и личной жизни. Возможны неожиданные предложения, которые откроют перед вами новые перспективы, но не торопитесь с решениями, взвесьте все за и против.

# СКАНВОРД







- Альпийский козёл
- Искусственная кожа
- Объём надоенного молока
- Государство в Южной Америке
- Граната капитана ...
- Вид паразитических круглых червей
- Каарел Кириллович ...
- Автономия России
- Имя супермодели Шиффер
- Духовой музыкальный инструмент
- Абориген Северной Европы
- Первая кудрявая принцесса Disney
- Подставка для палочек хаси
- Жена художника Диего Риверы
- Поэт-книжник у многих народов Востока
- Блюдо из индюка
- Бразильский ром
- Просторные апартаменты
- «Город воды» в Японии
- Департамент во Франции Loiret
- Где расположен суд ООН
- Молдавский культовый суп
- Кто изучает лошадей?
- Остров в Греции
- Горничная из оперы «Королю холодно»
- Выдающаяся советская спортсменка (гребля на байдарках)
- Норвежский фигурист Андреас ...

# Анекдоты, анекдоты...



Идет циклоп с мешком за плечом. Навстречу идет другой циклоп. Остановились, пообщались друг с другом. Второй спрашивает у первого: — А ты куда собрался с этим мешком — Да вот волков поймал, топить несу. — Ну—ка покажи. Первый открывает мешок, второй вскрикивает: — Да какие же это волки, это же казахи — Ни хрена себе казахи, за полчаса лошадь съели!

* * *

— Почему у Китая на Олимпиаде так много золота?

— Потому, что Китай всех кормит, поит, обувает и одевает.

* * *

Вам не понять всю боль и разочарование китайцев, которые, отдыхая за границей, активно скупают сувениры — а вернувшись домой, обнаруживают, что все купленные за валюту сувениры и подарки имеют бирки MADE IN CHINA.

* * *

Современная глобализация — это когда на смену немецким автомобилям, американским компьютерам и французским духам приходят китайские автомобили, китайские компьютеры и китайские духи.

* * *

Через пару сотен лет земля будет заселена одними китайцами, говорящими на английском языке, матерящимися по-русски и исповедующими иудаизм.

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

**АЙМАҚ АҚШАМЫ**

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

**Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»**

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 296

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8

E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.

**Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды.**

**Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.**